

**Ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 51 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.11.2015 № 941 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 2 0 6 б ұ й р ы ғ ы .

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі  
**Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

## **Ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесі**

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі, «Автомобиль жолдары туралы» 2002 жылғы 17 шілдедегі Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 қарашадағы № 1650 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Жол қозғалысының ережелеріне, Көлік құралдарын пайдалануға жіберу жөніндегі негізгі ережелер мен жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша лауазымды адамдар мен жол қозғалысына қатысушылардың міндеттеріне, «Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының рұқсат етілген параметрлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 қаңтардағы № 62 қаулысына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік және құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Ереже автокөлік құралының көлемі мен салмағын ескере отырып, жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары арқылы және елді мекендердің көшелері арқылы жүріп өту үшін Қазақстан Республикасы аумағында белгіленген автокөлік құралдарының рұқсат етілген көлемдік және салмақтық өлшемдерінен асатын жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру тәртібін реттейді.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Ережеде қолданылатын негізгі ұғымдар мен терминдер:

1) бүркемелеу автомобилі - ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралына барлық жүру бағыты бойынша ілесіп жүру үшін тасымалдаушы немесе жүк жөнелтуші бөлген автомобиль;

2) ілесіп жүру автомобилі – жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралына автомобиль жолдарымен ілесіп жүретін, тиісті тану белгілері бар Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының әкімшілік полиция бөлімшелерінің (бұдан әрі – әкімшілік полиция) ақысыз негізде ұсынатын патрульдік автомобилі;

3) бақылаушы органдар – көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары, әкімшілік полиция және Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттеріндегі кеден органдары (бұдан әрі – кеден органдары);

4) Арнайы рұқсатқа бақылау талоны – ірі көлемді және (немесе) салмағы ауыр отандық және шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өтуі үшін төленген алым сомасын растайтын құжат;

5) ірі көлемді автокөлік құралы - автомобиль жолдары арқылы жүріп өту үшін Қазақстан Республикасы аумағында белгіленген рұқсат етілген көлемдік өлшемдері асып түсетін жүгімен немесе жүксіз автокөлік құралы;

6) ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты жүк - автокөлік құралдарымен тасымалдау кезінде рұқсат етілген көлемдік өлшемдерден асатын және (немесе) жүгі бар автокөлік құралының толық салмағы немесе оське түсетін жүктемелері автомобиль жолдары арқылы жүріп өту үшін Қазақстан Республикасы аумағында белгіленген рұқсат етілген салмақтың өлшемдерден асып түсетін жүк;

7) халықаралық тасымал - бағыты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қиып өтетін тасымал;

8) өңіраралық тасымал - бағыты Қазақстан Республикасының екі және одан да көп облысы арқылы өтетін тасымал;

9) жергілікті тасымал - бағыты Қазақстан Республикасының бір әкімшілік-аумақтық бірлігі шегінде өтетін тасымал;

10) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

11) көліктік бақылау посты – арнайы лайықталған ғимаратпен немесе арнайы автокөлікпен жабдықталған, техникалық бақылау құралдарымен жарақтандырылған стационарлық немесе жылжымалы бақылау-өткізу пункті;

12) отандық және шетелдік ірі көлемді және (немесе) салмағы ауыр автокөлік

құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өтуі үшін алым « Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының кодексінде белгіленген тәртіппен алынатын ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүріп өтуі салдарынан автомобиль жолдарына және жол құрылыстарына келтірілген залалды ақшалай өтеу (бұдан әрі – автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін а л ы м ;

13) ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты жүкті тасымалдау бағытын келісу - келісуші ұйымдардың ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының белгіленген бағыт бойынша жүру шарттарын белгілеуі;

14) келісуші ұйымдар – автомобиль жолдарын басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар немесе ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүру бағытында автомобиль жолдары, жол құрылыстары және коммуникациялық объектілері (көпірлері, жолөткелдері, темір жол өтпелері, электр желілері, байланыс кабелдері және т.б.) теңгерімінде бар, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында автомобиль жолдарына иелік ету немесе басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар;

15) Арнайы рұқсат – Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары бойынша жүруге арналған автокөлік құралдарының жол беретін параметрлерінен көлемі, салмағы және (немесе) осьтік жүктемелері бойынша артық, жүгі бар немесе жүксіз, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша отандық және шетелдік ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының жүріп өтуіне құқық беретін рұқсат беру құжаты (бұдан әрі – Арнайы рұқсат);

16) ауыр салмақты автокөлік құралы - толық салмағы немесе оське түсетін жүктемесі Қазақстан Республикасы аумағында автомобиль жолдарымен жүру үшін белгіленген рұқсат етілген салмақтық өлшемдерден асатын жүгі бар немесе жүксіз автокөлік құралы ;

17) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитеті немесе аумақтық көліктік бақылау о р г а н д а р ы .

Ескерту. 3-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.06.16 N 913 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз), 2011.08.03 N 902 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.12.2013 N 1390 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

4. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі ).

5. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі ).

6. Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты жүктерді автокөлік құралымен автомобиль жолдары арқылы тасымалдауға осы Ережеге 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша Арнайы рұқсат пен оның бақылау талоны болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6-1. Қазақстан Республикасының ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары бойынша рұқсат етілген ең ауыр салмағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген, автокөлік құралының жол берілген жалпы салмағынан асатын өзі аударғыш автомобильмен жүктерді тасымалдауға жол берілмейді.

Ескерту. Ереже 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 қаулысымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

7. Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты жүктерді автомобиль көлігімен автомобиль жолдары арқылы тасымалдау Қазақстан Республикасының жол қозғалысы ережесінің және осы Ереженің талаптарына, сондай-ақ ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты жүктердің тасымалына оларды өндіруші немесе жүк жөнелтуші (жүк алушы) белгілеген қосымша талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

## **2. Арнайы рұқсатты алуға берілетін өтінішті беру, қарау және келісу тәртібі**

8. Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүріп өтуіне Арнайы рұқсат алу үшін отандық тасымалдаушы:

1) Халыққа қызмет көрсету орталығына;

2) [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) «Е-лицензиялау» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы ;

3) кеден органдарына осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтінішпен жүгінеді.

Шетелдік тасымалдаушы рейске шыққанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға немесе кеден органдарына осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтінішпен жүгінеді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9. Өңіраралық және халықаралық тасымалдау бағытын келісу жүргізілетін келісуші ұйымдардың тізбесі автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган басшысының шешімімен бекітіледі.

Жергілікті тасымалдау бағытын келісу жүргізілетін келісуші ұйымдардың тізбесін жергілікті атқарушы органдар көрсетеді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.08.03 N 902 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Ұсынылған тасымалдау маршрутын келісу кезінде тасымалдау қауіпсіздігін, жолдардың, жол құрылысы мен өзге де инженерлік құрылыстардың сақталуын қамтамасыз ету, жол жүру бағытындағы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде қосымша шаралар қабылдау қажеттілігі бөлігінде жүру жолы бойынша автомобиль жолдарының, жол құрылысы мен өзге де инженерлік құрылыстардың көтерушілік қабілеті және өткізу қабілеті бағаланады.

11. Автомобиль жолдарының жол құрылыстары мен өзге де инженерлік құрылыстардың көтерушілік қабілетін бағалау үшін есептеудің сынақтан өткізілген әдістерін, жолдардың жол құрылыстары мен өзге де инженерлік құрылыстардың жай-күйі туралы ақпаратты, сондай-ақ қосымша зерттеулердің материалдарын пайдалануға рұқсат етіледі.

12. Автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен және жергілікті атқарушы органдармен тасымалдау бағытын келісу, егер:

- 1) ірі көлемді автокөлік құралының ені 3,5 метрден асқан;
- 2) ірі көлемді автокөлік құралының биіктігі жол бетінен 4,5 метрден асқан;
- 3) ірі көлемді автокөлік құралының, оның ішінде автопоездың ұзындығы 25 метрден асқан;
- 4) жалпы салмағы жасанды инженерлік құрылыстардың жүккөтергіштігінен асатын ауыр салмақты көлік құралының жол жүруі жүзеге асырылған;
- 5) ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының қозғалу жылдамдығы 8 км/сағатты кем болған жағдайларда жүргізіледі.

Тасымалдаудың бағыты темір жол өтпелерімен, жолөткелдерімен, көпірлермен, құбырлармен, электр және байланыстың әуе желілерімен қиылысқан жағдайларда егер:

- 1) ірі көлемді автокөлік құралының ені 5 метрден асатын болса;
- 2) ірі көлемді автокөлік құралының биіктігі жол бетінен 4,5 метрден асатын болса;
- 3) ірі көлемді автокөлік құралының, оның ішінде автопоездың ұзындығы 25

метрден асатын болса;

4) ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының қозғалу жылдамдығы 8 км/сағаттан кем болса, тиісті келісуші ұйымдармен тасымалдауды келісу жүргізіледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.08.03 N 902 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Келісуші ұйым мәлімделген бағытқа келісуді жүргізеді немесе мынадай мерзімдерде:

1) жергілікті тасымалға бір жұмыс күні ішінде;  
2) өңіраралық және халықаралық тасымалға үш жұмыс күні ішінде негізді бас тартуды жазбаша түрде не электрондық құжат нысанында ұсынады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14. Егер тасымалдаушы ұсынған бағыт бойынша ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралын өткізудің теріс көрсеткіштері болмаса, онда келісуші ұйым отандық тасымалдаушының өтінішінде портал арқылы, ал шетелдік тасымалдаушының өтінішінде мөрмен куәландыра отырып, жазбаша түрде өз шешімін растайды.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 21.05.2013 N 508 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

15. Егер тасымалдаушы ұсынған бағыт бойынша ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүріп өтуі мүмкін болмаса немесе егер оны жүзеге асыру үшін жол жамылғысын немесе жол құрылыстарын нығайту бойынша қосымша шаралар жүргізу талап етілетін болса, келісуші ұйым бұл туралы уәкілетті органды немесе кеден органдарын жазбаша түрде не электрондық құжат нысанында хабардар етеді және жүрудің басқа бағытын ұсынады немесе тасымалдау жүзеге асырылғанға дейін күшейту жұмыстарының қажетті кешенін орындайды.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

16. Өтініште онда барлық осьтер мен дөңгелектерді, ондағы осьтердің өзара орналасуын және дөңгелектердің (жалғыз немесе қосарланған) санын, автокөлік құралына немесе оның құрамдас бөліктеріне жүктің біркелкі тиелмеуі

мүмкіндігін ескере отырып, жүктеменің осьтер бойынша бөлінуін көрсете отырып, автокөлік құралының дөңгелектік өрнегі беріледі.

17. Уәкілетті органға өтініш түскен кезде оны тіркеу және ондағы мәліметтерді:

- 1) ұсынылған ақпараттың толықтығы не нақтылығы;
- 2) жүкті тасымалдауға қойылатын автокөлік құралының техникалық сипаттамаларының сәйкестігі тұрғысынан тексеру жүргізіледі.

Арнайы рұқсатты алу үшін өтінішті уәкілетті орган немесе кеден органдары, ол келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, ал осы Ереженің 12-тармағында көзделген тасымалдау маршрутын келісу талап етілмеген жағдайларда, бір жұмыс күні ішінде қарайды.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

17-1. Уәкілетті орган немесе кеден органдары осы Ереженің 12-тармағында көзделген жағдайларда өтінішті қарау барысында тасымалдаушының өтінішін келісуші ұйымдармен келісуді жүргізеді.

Келісуші ұйымнан белгіленген мерзімде жауап болмаған жағдайда, тасымалдаушының өтініші келісілген болып есептеледі.

**Ескерту. 17-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.08.03 N 902 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

18. Егер өтініште ақпарат толық болмаса және (немесе) нақтылы болмаса, уәкілетті орган немесе кеден органдары өтініш тіркелген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жазбаша түрде не электрондық құжат нысанында өтініш қабылдамағаны туралы хабарлайды.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

19. Уәкілетті орган немесе кеден органдары осы Ереженің 17-тармағында көрсетілген мерзім ішінде тасымалдаушыны Арнайы рұқсатты беру және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының кодексінде белгіленген ставкалар бойынша және тәртіппен ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүріп өткені үшін төленуі қажет алым сомасы туралы тасымалдаушыға хабарлайды немесе Арнайы рұқсат беруден жазбаша түрде дәлелді бас тартуды береді.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390**



қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

20. Егер автокөлік құралының жасаушы зауыт белгілеген техникалық сипаттамалары тасымалдауға мәлімделген ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты жүкті тасымалдауды жүзеге асыруға мүмкіндік бермесе тасымалдаушыға Арнайы рұқсат беруден дәлелді бас тарту беріледі.

21. Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүріп өтуіне Арнайы рұқсатты алуға өтініш:

1) автокөлік құралы табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жұмысқа тартылған;

2) бұрын алынған Арнайы рұқсатта көрсетілген автокөлік құралының техникалық сипаттамалары және салмақтық-көлемдік параметрлері сәйкес болған кезде, көлік құралын ауыстырған (сынған жағдайларда) және жаңа Арнайы рұқсатты ресімдеу қажет болған;

3) Арнайы рұқсатты алғаннан кейін жүк жөнелтуші не жүк алушы тасымалдау бағытын өзгерткен және жаңа Арнайы рұқсатты осы Ережеде белгіленген тәртіппен ресімдеу қажет болған жағдайларда бір жұмыс күні ішінде қ а р а л а д ы .

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 21.05.2013 N 508 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

22. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.08.03 N 902(алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қ а у л ы с ы м е н .

23. Өтініште көрсетілген мәліметтер мен деректемелер:

1) егер тасымалдаушы заңды тұлға болып табылса, бірінші басшының (оның орынбасарының немесе сенімді адамының) қолымен және мөрмен;

2) егер тасымалдаушы жеке тұлға болып табылса, қолымен және жеке басын куәландыратын құжат деректері.

3) егер тасымалдаушы дара кәсіпкер болып табылса, қолымен және дара кәсіпкер ретінде тіркелгені туралы куәлігінде қамтылған деректер көрсетілетін о т ы р ы п р а с т а л а д ы .

Ескерту. 23-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.08.03 N 902 ( алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

24. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 21.05.2013 N 508 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### 3. Арнайы рұқсатты беру және келісу тәртібі

25. Арнайы рұқсатты уәкілетті органмен ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралы Қазақстан Республикасының аумағымен немесе Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында орналасқан, автокөлік құралдарын өткізу пункттері арқылы Қазақстан Республикасының аумағына кірген кезде кеден органдары қозғалыс маршрутын белгілегеннен және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының кодексінде белгіленген мөлшерлемелер бойынша автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алым сомасы төленгеннен кейін бір жұмыс күні ішінде беріледі.

Бұл ретте, Арнайы рұқсатты уәкілетті орган не кеден органдары толтырады және мөрмен куәландырады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

26. Арнайы рұқсаттардың бланкілері мен оның бақылау талондары қатаң есептегі құжаттар болып табылады және тіркелуге жатады.

27. Тасымалданатын жүктердің санатына, тасымалдардың түрі мен сипатына байланысты Арнайы рұқсат біржолғы немесе келісілген мерзім ішінде жарамды болуы мүмкін:

1) біржолғы Арнайы рұқсат ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты бір автокөлік құралына белгіленген мерзімде келісілген бағыт бойынша бір сапарға беріледі;

2) көрсетілген мерзім ішінде жарамды болатын Арнайы рұқсат белгіленген тәртіппен бекітілген бағыт бойынша бір тұрпатты ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты жүктерді тасымалдайтын бір автокөлік құралына беріледі.

Арнайы рұқсат алты айға дейінгі мерзімге беріледі.

Ескерту. 27-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.08.03 N 902 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

28. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

29. Ілесіп жүру автомобилінің болуы қажет болған кезде осы Ереженің 42-тармағында көзделген жағдайларда уәкілетті орган немесе кеден органдары әкімшілік полицияға Арнайы рұқсатта көрсетілген бағыт бойынша ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралына ілесіп жүру қажеттілігі туралы

тиісті хабарламаны жолдайды.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті халықаралық және өңіраралық тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде уәкілетті органның немесе кеден органдарының хабарламасын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ілесіп жүруді ұйымдастырады, ол туралы уәкілетті органды хабардар етеді.

Облыстың, қаланың немесе ауданның әкімшілік полициясы жергілікті тасымалдауды жүзеге асыру кезінде уәкілетті органның хабарламасын алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде ілесіп жүруді ұйымдастырады, ол туралы уәкілетті органды немесе кеден органдарын хабардар етеді.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

30. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.08.03 N 902 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

#### **4. Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының автомобиль жолдары арқылы жүріп өтуін ұйымдастыру және оның тәртібі**

31. Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты жүктерді тасымалдау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тараптар жасасқан тасымалдау шарты негізінде жүргізіледі.

Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты жүктерді тасымалдаудың, соның ішінде ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүріп өтуіне Арнайы рұқсат алу бөлігіндегі жалпы шарттары халықаралық шарттарда және Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі саласындағы заңнамасында белгіленеді.

32. Тасымалға және Арнайы рұқсатқа қойылатын талаптардан туындайтын қажеттілік жағдайында тасымалдау шарты ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты жүкке қосалқы автокөлік құралдарының (отын құюшы, автошеберхана, қосымша персоналға арналған автобус, тапқыш немесе итергіш қосымша автомобиль және т.с.с.), бүркемелеу автомобилінің және (немесе) ілесіп жүретін автомобильдің еріп жүруін көздейді.

33. Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты жүкті тасымалдауға тиісті санаттағы автокөлік құралын басқару құқығы бар жүргізушіге рұқсат етіледі.

34. Тасымалдаушының және (немесе) жүк жөнелтушінің жауапты өкілі ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты жүкті тасымалдаумен айналысатын

жүргізуші(лер)мен және жүк жинаушылармен қауіпсіздік техникасы жөнінде арнайы нұсқаулық өткізеді.

35. Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты жүк бекітілген автокөлік құралын жүру басталмас бұрын жүргізуші, тасымалдаушы мен жүк жөнелтушінің жауапты өкілдері қарап шығады. Жүк Қазақстан Республикасының жол қозғалысы ережесінің талаптарына, сондай-ақ жүк жөнелтушінің талаптарына сәйкес бекітіледі және таңбаланады.

36. Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдары, сондай-ақ бүркемелеу автомобильдері қызғылт немесе сары түсті арнайы жарық беру сигналдарымен (жарқылдауық маяктармен) жабдықталады.

Қозғалыс кезінде жарқылдауық маяктардың жұмысы жол қозғалысының басқа қатысушыларына қосымша хабар беру құралы болып табылады және артықшылықпен жүріп өту құқығын бермейді.

37. Белгіленген тәртіппен ресімделген Арнайы рұқсат бланкісі ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүргізушісінде болады және бақылаушы органдар өкілдерінің талабы бойынша көрсетіледі.

38. Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының автомобиль жолдарымен жол жүруіне әдетте қозғалыс қарқындылығы мейлінше аз сағаттарда, ал елді мекендерден тыс жерлерде - тәуліктің жарық уақытында рұқсат етіледі.

Тәуліктің қараңғы уақытында елді мекендерден тыс жерлердегі жолдармен, сондай-ақ тәуліктің жарық уақытында қозғалыс қарқынды болған кезде тасымалдауға ірі көлемді және ауыр салмақты көлік құралының жүруін бүркемелеу немесе ілесіп жүру автомобилінің еріп жүруі шартымен ғана рұқсат етіледі.

39. Көлік құралдарының қозғалысын елеулі түрде кідіртуге және айналасындағылар үшін жоғары қауіп төндіруге қабілетті жол-ауа-райының қолайсыз жағдайлары мен қозғалыс қарқындылығы жағдайларында тасымалдауға рұқсат етілмейді.

40. Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралымен, сондай-ақ бүркемелеу және ілесіп жүру автомобильдерімен тәуліктің жарық уақытында жол жүрген кезде жақынға жарық түсіру шамдары іске қосылуы тиіс.

41. Мына жағдайлардың барлығында:

1) ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының ені 3,5 метрден асатын болса;

2) ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының ұзындығы 24 метрден асатын болса;

3) Арнайы рұқсаттың "Қозғалыстың ерекше шарттары" бағанында жол жүру бағытындағы қандай да бір жол құрылысы бойынша жеке дара тәртіппен жүруге

рұқсат етіледі деп көрсетілген немесе жол жүру бағытының жекелеген учаскелерінде қозғалысты ұйымдастыруға жедел ықпал етуді талап ететін басқа да шарттар көрсетілген басқа жағдайларда бұркемелеу автомобилінің болуы м і н д е т т і .

42. Мына жағдайлардың барлығында:

1) ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының ені 4,0 метрден асатын болса;

2) ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының ұзындығы 3,0 метрден асатын болса;

3) қозғалыс кезінде ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралы қарсы қозғалыс ендігін ең болмағанда ішінара иеленуге мәжбүр болса;

4) тасымалдау процесінде жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қозғалысты ұйымдастыруды шұғыл өзгерту талап етілгенде;

5) **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.08.03 N 902 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен .**

43. Бұркемелеу немесе ілесіп жүру автомобилі оның сол жағы ілесіп жүретін ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының соң жағынан шығыңқы болатындай түрде жол бере отырып, ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының алдында 10-12 метр қашықтықта қозғалады.

44. Көпірлер мен жол құрылыстары арқылы жол жүру кезінде қозғалыс келісуші ұйымдармен белгіленген шарттарға сай жүзеге асырылады.

45. Жол қиылыстарынан өту кезінде ілесіп жүру автомобилі авариялық жағдайларды болдырмау мақсатында қиылысатын көшелер мен жолдардағы қозғалысты уақытылы тоқтатуды қамтамасыз етеді.

46. Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралы қозғалысының жылдамдығы Арнайы рұқсатта белгіленген көрсеткіштерден аспауы тиіс.

Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының жалпы пайдаланымдағы жолдармен жүрген кезіндегі жылдамдығы 50 км/сағаттан, ал жасанды құрылыстарда 10 км/сағаттан аспауы тиіс.

47. Қозғалыс процесінде ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүргізушісі:

1) қарсы келе жатқан автокөлік құралдарын кедергісіз және қауіпсіз өткізіп жіберу үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды;

2) жол қозғалысына бөгет жасамайды және артында келе жатқан автокөлік құралдарының басып озуына мүмкіндік береді.

48. Ірі көлемді көлік құралының биіктігі 4 метрден артық болған жағдайда тасымалдаушы көпірлердің, құбыр өткізгіштердің және басқа да коммуникациялардың астымен қозғалу кезінде биіктікті қосымша бақылаулық

ө л ш е у і

қ а ж е т .

49. Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүріп өтуін жүзеге асыра отырып:

1) Арнайы рұқсатсыз, мерзімі өткен немесе дұрыс ресімделмеген Арнайы рұқсатпен, Арнайы рұқсатта көрсетілген лауазымды адамдардың қолы болмаған жағдайларда рейске шығуға;

2) Арнайы рұқсатқа қандай да бір өзгерістер мен толықтырулар енгізуге;

3) белгіленген қозғалыс бағытынан ауытқуға;

4) Арнайы рұқсатта көрсетілген қозғалыс жылдамдығын арттыруға;

5) 30 км/сағат және одан жоғары жылдамдықпен келе жатқан автокөлік құралдарын басып озуға;

6) басқа көлік құралдарын сүйретуге;

7) қозғалысты қолайсыз ауа-райы жағдайларында (көктайғақ, көрінім 100 метрден кем және т.с.с.) жүзеге асыруға;

8) егер тасымалдау шарттарында мұндай қозғалыс тәртібі белгіленбесе, жол жиегімен жүруге;

9) жолдың жүру бөлігінің шегінен тысқары орналасқан арнайы тұрақтардан тыс жерлерге тоқтауға;

10) автокөлік құралының техникалық жарамсыздығы туындаған немесе қозғалыс қауіпсіздігіне және (немесе) жүктің сақталуына қауіп төндіретін жүктің бекітілуі бұзылған кезде қозғалысты жалғастыруға тыйым салынады.

50. Егер тасымалдау процесінде қозғалыс бағытын өзгертуді талап ететін мән-жайлар туындаса, тасымалдаушы қозғалысын тоқтатуы және осы Ережеде белгіленген тәртіппен жаңа бағыт бойынша жүруге рұқсат алу үшін:

1) отандық тасымалдаушы – Халыққа қызмет көрсету орталығына, портал арқылы не кеден органдарына;

2) шетелдік тасымалдаушы – уәкілетті органға немесе кеден органдарына жүгінуі тиіс.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 21.05.2013 N 508 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**5. Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты жүктерді тасымалдайтын автокөлік құралдарының техникалық жай-күйіне және жабдықтарына қойылатын қосымша талаптар**

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

51. Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты жүкті тасымалдау мамандандырылған жылжымалы құраммен - тіркемесі немесе ауыр жүк тасығыш жартылай тіркемесі бар автомобиль-тартқышпен жүзеге асырылады.

Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты жүкті ернеулі тұғырнамалары бар жылжымалы құраммен тасымалдауға рұқсат етіледі. Бұл ретте, қажет болған жағдайда (мысалы, жүк шанақтың көлемінен шығып тұрса) ернеулер алынады және автокөлік құралында жүкте орнықтыру үшін қосымша бекіту құралдары қ о л д а н ы л а д ы .

52. Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты жүкті тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралының техникалық жай-күйі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ оны жасаушы зауыттың нұсқаулығына с ә й к е с б о л у ы т и і с .

53. Автокөлік құралына жасаушы зауыт белгілеген, рұқсат етілген салмақтық нормативтен артық жүк тиеуге рұқсат етілмейді.

54. Автопоездың тежегіш жүйесі автомобиль-тартқыштың тежегіші басқышынан жұмыс істеуі және оның буындары арасында тежеу кезінде тіркеме мен жартылай тіркеменің автомобиль-тартқышқа қатысты ауытқу, сондай-ақ басқа да авариялық жағдай жасау мүмкіндігі болмайтындай тежегіш күштерді б ө л у д і қ а м т а м а с ы з е т у і т и і с .

55. Автомобиль-тартқыш өзі мен тіркемесінің (жартылай тіркемесінің) арасындағы жалғағыш магистральдар үзіліп кеткен жағдайда автомобиль-тартқышты жұмысшы немесе авариялық тежегішпен тежеуге мүмкіндік беретін тежеу қондырғысымен жабдықталады.

56. Тіркемелер (жартылай тіркемелер) автомобиль-тартқышпен жалғағыш магистральдар үзілген жағдайда олардың автоматты түрде тоқтауын қамтамасыз ететін тежеу қондырғыларымен жабдықталады.

57. Тіркемелер (жартылай тіркемелер) барлық дөңгелектерге әсер ететін және автомобиль-тартқыштан ажыратылған толық салмақты тіркемені (жартылай тіркемені) кемінде 16% еңісте ұстап тұруды қамтамасыз ететін тұру тежегішімен ж а б д ы қ т а л а д ы .

58. Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралында еңісте тоқтауға мәжбүр болған жағдайда оны қосымша орнықтыру мақсатында сырғуға қарсы кемінде екі тіреуіш (әр жаққа біреуден) болуы қажет.

59. Автопоезд үшін оның әрбір буынына екіден сырғуға қарсы тіреуіштер б о л у ы т и і с .

60. Көлік құралының кабинасы екі жағынан артқы жақты көретін сыртқы

айналармен жабдықталуы тиіс. Айналар автокөлік құралының және тасымалданатын жүктің көлемін ескере отырып, тура да және бұрылмалы да қозғалыс кезінде жүргізушіге көлденеңінен әрі тігінен жеткілікті көруді қамтамасыз етуі тиіс.

61. Артқы көрініс айналарының автокөлік құралының негізгі көлемдерінің ішіне 20-25 кг/с шегіндегі күшпен ауыстыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін бұру тетіктері болады.

62. Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдары нормативтік құқықтық құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес "Автопоезд" "Ірі көлемді жүк" немесе "Ұзын өлшемді көлік құралы" деген тану белгілермен белгіленеді.

63. Тіркеме-ұзартылманың тіркеменің артқы көлемінен 1 метрден аса шығып тұратын жетегі (құбыр) Жол қозғалысы ережесіне сәйкес белгіленеді.

64. Ірі көлемді жүкті тасымалдау кезінде жүгі бар автокөлік құралының биіктігі жолдың жүру бөлігінің үстінен 4,5 метрден асатын болса, бүркемелеу автомобиліне жоғары ұшында сары түсті сигналдық шамдары бар бір немесе екі габариттік штангалар орнату қажет.

Шамдарды орнату биіктігі тасымалданатын жүктің жоғарғы көлемінен 5-10 сантиметр жоғары болуы және ірі көлемді автокөлік құралы жүргізушісінің көз алдында болуы тиіс.

Шамдар тәуліктің қараңғы кезіндегі немесе жеткіліксіз көрінім жағдайларындағы қозғалыс кезінде іске қосылуы тиіс.

## **6. Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары арқылы жүру тәртібін бақылау**

65. Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары арқылы жүруін бақылауды уәкілетті органмен Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінде, кеден органдары Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінде, сондай-ақ арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдары арқылы өзінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде жүзеге асырады.

**Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

66. Автокөлік құралының көлемдік өлшемдерінің нақты мәндерін айқындау



өлшеу сызғыштарының немесе арнайы сызықтық өлшеу аспабының көмегімен, ал толық салмақ пен біліктік жүктемелер – стационарлық немесе жылжымалы үлгідегі автомобиль таразыларының, сондай-ақ арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарының көмегімен жүргізіледі.

**Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 21.05.2013 N 508 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

67. Сызғықтық өлшеу жабдығы, соның ішінде арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдары мен автомобильдік таразылар жарамды жай-күйде болуы және олардың метрологиялық тексеруден өткені туралы сертификаты болуы тиіс.

**Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

68. Автокөлік құралдарының көлемдік және салмақтық өлшемдерін айқындау кезінде өлшеу жабдығының тасымалдаушының пайдасына шешілетін қателіктері ескеріледі.

**69. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.08.03 N 902 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

70. Егер осы Ереже талаптарының бұзылу фактісі анықталған жағдайда, тасымалдаушы және (немесе) жүк жөнелтуші Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады, ал автокөлік құралын одан әрі пайдалануға анықталған бұзушылық жойылғанға дейін тыйым салынады.

**Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

71. Осы Ереже бұзылған жағдайда, уәкілетті орган немесе кеден органдары Кодексте көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қабылдайды және тасымалдау мынадай жағдайларда:

1) автокөлік құралының салмақтық және (немесе) көлемдік параметрлерін асыра отырып жол жүру бағыты бойынша әрі қарай жүрген және барлық жол жүру бағыты бойынша автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алым сомасын төлеп, іс жүзінде жүріп өткен жолдың бөлігі үшін келісу жүргізбей осы Ережеде белгіленген тәртіппен Арнайы рұқсатты тасымалдаушы алғаннан кейін – ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының Арнайы рұқсатсыз жүріп өткені анықталған кезде;

2) Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының рұқсат етілген параметрлеріне сәйкес келтіру үшін

автокөлік құралын артық жүктен босатуды жүргізгенде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағынан Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралы шыққан кезде және іс жүзінде жүріп өткен бағыттың бір бөлігі үшін автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алым сомасын тасымалдаушы төлеген жағдайда – Арнайы рұқсат берілместен ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүріп өткені анықталған кезде;

3) автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін төленген алымға қосымша осы Ережеде белгіленген тәртіпті бұза отырып және салмақтық және көлемдік өлшемдерді іс жүзінде көрсете отырып, осы Ережеде белгілеген тәртіппен Арнайы рұқсатты ала отырып, іс жүзінде жүріп өткен бағыт үшін автокөлік құралдарының алымын тасымалдаушы төлегеннен кейін – ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралы өлшемдерінің бірі Арнайы рұқсатта көрсетілгендерден асып кеткені анықталған кезде;

4) тасымалдаушы нақты жүріп өткен бағыт бойынша автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алым сомасын төлеген және осы Ережеде белгіленген тәртіппен Арнайы рұқсатты алғаннан кейін – ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жолды Арнайы рұқсатта көрсетілген бағыттан ауытқи отырып жүргені анықталған кезде;

5) уәкілетті орган Арнайы рұқсаттағы мерзімді ұзартқаннан кейін – ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының Арнайы рұқсатта көрсетілген мерзімдерден ауытқи отырып жүргені анықталған кезде  
ж а л ғ а с т ы р ы л а д ы .

Арнайы рұқсаттағы ұзарту мерзімі күнтізбелік он бес күннен аспауы тиіс;

6) осы Ереженің 29-тармағында көзделген мерзімде әкімшілік полициясы ілесіп жүру автомобилін бөлгеннен кейін – осы Ереженің 42-тармағында көзделген жағдайларда ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының ілесіп жүру автомобилінсіз жүргені анықталғанда.

**Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Ірі көлемді және ауыр салмақты  
жүктерді Қазақстан Республикасының  
аумағында тасымалдауды ұйымдастыру  
және жүзеге асыру ережесіне  
1-қосымша

**Қазақстан Республикасының жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары**

**бойынша ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты көлік құралдарының  
жүріп өтуіне  
АРНАЙЫ РҰҚСАТ  
№ \_\_\_\_\_**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

автокөлік құралының (маркасы, моделі, нөмірлік белгісі)

(бағыт бойынша өтетін елді мекендердің атауы, жолдың ұзақтығы км-мен)  
бағыты бойынша жүруіне

**1. Көлік құралының өлшемдері:**

автокөлік құралының жалпы салмағы, т	жүктің салмағы, т	
ұзындығы, м	ені, м	биіктігі
дөңгелек осьтерінің орналасу схемасы және олардың ара қашықтығы, м	жүкпен бұрылудың ең аз мөлшердегі радиусы, м	

**осьтер бойынша жүктеме, т**

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

**2. Ілесіп жүру үшін бөлінген көлік құралдары \_\_\_\_\_**

(маркасы, моделі, нөмірлік белгісі)

**3. Жүкті тасымалдаушы ұйымның атауы, мекенжайы мен телефоны**

**4. \_\_\_\_\_ сағ. бастап \_\_ сағ. дейін (жылы, айы, күні) \_\_\_\_  
км/сағ. аспайтын жылдамдықпен \_\_\_\_\_ жолдарымен жүруге рұқсат етіледі**

----- кесу сызығы -----

# АРНАЙЫ РҰҚСАТ ТҮБІРТЕГІ

№ \_\_\_\_\_

---

---

---

(маркасы, моделі, нөмірлік белгісі, көлік құралының өлшемі, бағыт нөмірі, бастапқы және соңғы пункті, жолдың ұзақтығы км-мен)

5. Қозғалыстың ерекше жағдайлары \_\_\_\_\_

---

---

(ілесіп жүретін автомобильдердің қозғалыс тәртібін, қозғалысқа басқа қатысушыларды тасымал туралы хабар ету тәсілін, жүктеме түрін, оның көпірлерден өткізу тәртібін және т.б. көрсету)

6. Рұқсат берілді \_\_\_\_\_

---

---

(уәкілетті органның атауы, Т.А.Ә., мөрмен куәландырылған қолы, күні)

7. Жүріп өткені үшін алымдар есебі \_\_\_\_\_

---

---

Төлем сомасы \_\_\_\_\_

---

( ж а з б а ш а )

8. Ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесінің негізгі талаптарымен танысқандар:

Негізгі тартқыштың жүргізушісі \_\_\_\_\_

---

( Т . А . Ә . , қ о л ы )

Жүкті шығарып салушы тұлға \_\_\_\_\_

---

( Т . А . Ә . , қ о л ы )

9. Автокөлік құралын жүкті тасымалдауға жауапты ұйымның өкілдері тексерді және Жол қозғалысы ережесі мен Ірі көлемді және

ауыр салмақты жүктерді Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесінің талаптарына

с ә й к е с к е л е д і

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(ұйым, Т.А.Ә., мөрмен куәландырылған қолы, күні)

Ескертпе: арнайы рұқсаттың барлық бағандары біркелкі сиямен толтырылуы тиіс (толтырылмаған бағандар сызылып тасталады).

----- кесу сызығы -----

**Ірі көлемді және ауыр салмақты көлік құралдарының жүруіне  
АРНАЙЫ РҰҚСАТ ТҮБІРТЕГІ**

**№** \_\_\_\_\_

Жүріп өткен үшін алымдар есебі \_\_\_\_\_

Төлем сомасы \_\_\_\_\_

( ж а з б а ш а )

Жүргізуші \_\_\_\_\_

( Т . А . Ә . , қ о л ы , к ү н і )

Рұқсат берген уәкілетті өкіл \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(лауазымы, Т.А.Ә., мөрмен куәландырылған қолы, күні)

Ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесіне

2-қосымша

**Ірі көлемді және ауыр салмақты көлік құралдарының Қазақстан  
Республикасының жолдары бойынша жүруіне**

**№** \_\_\_\_\_

**АРНАЙЫ РҰҚСАТҚА  
БАҚЫЛАУ ТАЛОНЫ**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ірі көлемді және ауыр салмақты көлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүргені үшін алынатын алымның сомасы

---

(жазбаша)

Ескерту: осы бақылау талоны ірі көлемді және ауыр салмақты көлік құралдарының Қазақстан Республикасының жолдары бойынша жүруіне арналған тиісті Арнайы рұқсатқа міндетті қосымша болып табылады.

теңге

1000000	100000	10000	1000	100	10	1
2000000	200000	20000	2000	200	20	2
3000000	300000	30000	3000	300	30	3
4000000	400000	40000	4000	400	40	4
5000000	500000	50000	5000	500	50	5
6000000	600000	60000	6000	600	60	6
7000000	700000	70000	7000	700	70	7
8000000	800000	80000	8000	800	80	8
9000000	900000	90000	9000	900	90	9

**Ірі көлемді және ауыр салмақты көлік құралдарының Қазақстан Республикасының жолдары бойынша жүруіне**

**№ \_\_\_\_\_**

**АРНАЙЫ РҰҚСАТТЫҢ  
ТҮБІРТЕГІНЕ БАҚЫЛАУ ТАЛОНЫ**

Ірі көлемді және ауыр салмақты көлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүргені үшін алынатын алымның сомасы

---

( ж а з б а ш а )

Арнайы рұқсатты алдым \_\_\_\_\_

---

(тасымалдаушының Т.А.Ә., қолы, күні)

Ескерту: осы бақылау талоны ірі көлемді және ауыр салмақты көлік құралдарының Қазақстан Республикасының жолдары бойынша жүруіне арналған тиісті арнайы рұқсаттың түбіртегіне міндетті қосымша болып табылады.

Ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесіне 3-қосымша

\_\_\_\_\_ облысы (қаласы) бойынша кедендік/көліктік бақылау органының басшысына

### **Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүріп өтуіне арнайы рұқсатты алу үшін ӨТІНІШ**

**Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.12.2013 N 1390 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Тасымалдаушының атауы \_\_\_\_\_  
ЖСН/БСН \_\_\_\_\_

—  
Мекенжайы, телефоны \_\_\_\_\_

Автомобильдің маркасы \_\_\_\_\_ мем. нөмірі \_\_\_\_\_

Тіркеменің (жартылай тіркеменің) маркасы \_\_\_\_\_ мем. нөмірі \_\_\_\_\_

Көлік құралының түрі \_\_\_\_\_

Изотермиялық шанақтың болуы \_\_\_\_\_

Әуе немесе оған балама аспаның болуы \_\_\_\_\_

Жүру бағыты \_\_\_\_\_

Бағыттың жалпы ұзақтығы, км \_\_\_\_\_

оның ішінде қалалардың аумағы бойынша, км \_\_\_\_\_

Жүргізушінің Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

Ілесуші адамның Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

Ілесіп жүру түрі \_\_\_\_\_

Жүктің атауы мен салмағы, т. \_\_\_\_\_

АКҚ жүк көтергіштігі \_\_\_\_\_

Жүру күні мен уақыты \_\_\_\_\_

## Автокөлік құралының жүгін қоса есептегендегі нақты салмақтық және көлемдік өлшемдері

Өлшемдері	Нақты			Рұқсат етілген			Асқаны		
Жол бетінен биіктігі, м									
Ені, м									
Автокөлік құралының ұзындығы, м									
Толық салмағы, т									
Тіркеменің толық салмағы, т									
АКҚ-ның дөңгелектік өрнегі	1-білік	2-білік	3-білік	4-білік	5-білік	6-білік	7-білік	8-білік	9-б
Еңістігі									
Біліктердің ара қашықтығы, м									
Білікке нақты жүктеме, т.с.									
Білікке рұқсат етілген жүктеме, т.с.									
Асқаны, %									

Автокөлік құралының ең кіші бұрылу радиусы \_\_\_\_\_

Қосымша деректер \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тасымалдаушының лауазымы, Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_ (М.О. қолы)

Өтініштің берілген күні \_\_\_\_\_

Келісуші органның шешімі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (лауазымы, Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_ (М.О. қолы)

Келісуші органның шешімі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (лауазымы, Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_ (М.О. қолы)